

мектепке дейінгі ұйымның жұмыс бағытын ескере отырып, балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, патриоттық сезімге, Отанға деген сүйіспеншілікке, мәдени-әлеуметтік нормаларға баулу, қауіпсіз мінез-құлық қағидаларын қалыптастыру міндеттерін іске асыру үшін күні бойы педагогтің ойын түріндегі түрлі балалар әрекеті (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) арқылы ұйымдастыратын кіріктірілген сабағы.

**Ересек 4-жасқа арналған
Ұйымдастырылған іс-әрекет бойынша кестесі**

Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Ұйымдастырылған Іс-Әрекет	Музыка Қазақ тілі	Дене тәрбиесі	Дене тәрбиесі	Дене тәрбиесі	Музыка

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Күтілетін нәтиже
Қыркүйек- Еңбекқорлық пен кәсіби біліктілік айы.	Дене тәрбиесі	Негізгі қимылдар: өкшемен жүру: сызықтардың арасымен (арақашықтығы 15 сантиметр) тепе-теңдікті сақтап жүру; аяқтың ұшымен жүгіру; 10 метрге дейінгі қашықтықта заттардың арасымен тура бағыт бойынша еңбектеу; бір орында тұрып секіру; заттардың арасымен доптарды домалату : сапқа тұру: Ырғақтық жаттығулар: таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыкамен сүйемелдеу арқылы орындау. Жалпы дамытушы жаттығулар: қолды алға, екі жаққа, жоғары көтеру, (бір уақытта кезекпен) төмен түсіру; екі қолды белге қойып, оңға-солға бұрылу; (жылдам және бір қалыпты) аяқтың ұшына көтерілу және тұру; Спорттық жаттығулар: велосипед тебу: екі немесе үш дөңгелекті велосипед тебу. Қимылды ойындар: қимылды ойындарға қызығушылықты дамыту. Дербес қимыл белсенділігі: балалардың доптармен, қозғалатын ойыншықтармен, құрсаулармен ойындарын қолдау. Салауатты өмір салтын қалыптастыру: балаларға адамның дене және сезім мүшелері, олардың ағзадағы рөлі және оларды қалай қорғауға, күтуге болатыны туралы түсінік беру. Мәдени- гигиеналық дағдыларды жетілдіру: балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу. Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары: өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын жетілдіру. Сауықтыру-шынықтыру шаралары: шынықтырудың барлық түрлерін жүргізу.	Өкшемен, сызықтарның арасымен тепе-теңдік сақтап жүреді, аяқтың ұшымен жүгіреді. доптарды домалатады, заттарды қашықтыққа лақтырады, доптарды кедергілер арқылы лақтырады және қағып алады; салауатты өмір салты туралы бастапқы түсініктерге ие;